

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ						
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)						
Топ/сынып	Ортаңғы топ					
Тобы, топтың реттік саны, атауы						
Балалардың жасы	3 жасар балалар					
Педагогтің аты- жөні						
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	01, 03.07. - 07.07.2023ж.					
Апта күндері	Сенбі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі						
Балаларды	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу					

қабылдау	және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарды толғандырып жүрген сұрақтарына жауап беру.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасай білу қабілетін дамыту; аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтар ын таныту. (еңбек дағдылары)	"Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. (еңбек дағдылары)	Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды құралдарды жинауда үнемшілдік тәртібін сақтауға тарту; басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді қалыптастыру; балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікті тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. (еңбек дағдылары)		

	"Қарама-қайшылық" ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белегілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала, ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса	"Кім сені шақырды, тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: басқа адамды дауысынан тануды үйрету. Күрделенген нұсқасы: дауыстарды тануға шыққан баланың басына шляпа кигізу, қалған балаларға оны шақырту. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға туып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет.	"Не өзгерді?" ойыны. Мақсат-міндеттер: зейінді, ойлауды дамыту. Бір топ бала жиналып, қолдарына түскен әр түрлі заттарды үстел үстіне жайып тастайды. Олардың саны аса көп болмауы қажет. Ойын жүргізуші ол заттардың аттарын атап шығады. Ал ойыншыларға сол заттардың қайсысы ненің қасында ненің қасында және қандай қалыпта жатқанын, олардың түр-түстері қандай	"Кім сені шақырды, тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: басқа адамды дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға туып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады.		
--	---	--	---	--	--	--

	береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек, т.с.с.. (сөйлеуді дамыту) "Өрмекші" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды санамақ мәтінінің мәніне сай қимылдар жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Күні бойы еңбекпен (Оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ	шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады. (дене шынықтыру) "Қарақат" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Өлең мазмұнына сай қимыл жасау. Қалсам егер тығылып, Қалың шөптің	екенін көріп алуға 5-10 секунд уақыт беріледі. Осыдан кейін ойыншылар бөлмеден шығарылады немесе теріс қарап отырады. Осы кезде ойын жүргізуші бірнеше заттың орнын тез-тез ауыстырып, кейбіреуін тығып қояды. "Үстелдің үстіне қандай өзгерістер болды?" - деген сұраққа кім дұрыс әрі толық жауап берсе, сол ойын жүргізуші болып, әрі қарай жалғастырады. (сөйлеуді дамыту)	(дене шынықтыру) "Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. (қоршаған ортамен таныстыру)		
--	--	---	--	--	--	--

	саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды; сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы), Өрмекші өрмек тоқиды (Саусақтарын сыртылдатады), Нөсер тек кенет селдеткен (Оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі), Еңбегін оның жоқ қылды (Барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын	астында. Таба алар деп кім біліп, Жұрт көзінен қаштың ба? Торсиған бал уызға Кіп-кішкентай қарақат. Салып қояр ауызға, Болса егер бала тап. (С. Мәуленов) (сенсорика, сөйлеуді дамыту)	"Жел көбік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде жүріп, бірлесіп ойнауға, сөздерге сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; ұйымшалдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал			
--	---	---	---	--	--	--

	беттестіреді «күн» жасайды), Күн шықты қайта жарқырап (Екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі), Құрғады тез-ақ төңірек (Барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)		тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын қайтадан басталады. (дене шынықтыру)			
Таңертеңгі	Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жай жүру,					

жаттығу	Аяқтың ұшымен жүру. БҚ – аяқты алшақ қойып, қолды төменде, 1- қолды алға созамыз. 2- қолды жоғары көтереміз. 3- бірінші қалыпқа келеміз. (3-4 рет) БҚ – аяқты алшақ, қолды белге қойып, "Сағаттың тілі". 1- оңға иілеміз 2- солға иілеміз Бірнеше рет қайталаймыз.(5-6 рет) БҚ – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4-5 рет) "Қарлығаш" болып ұшамыз "Қоян" сияқты секіреміз. Жай жүру, дем алу. (дене шынықтыру)					
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Ұйымдастырылғ	Көркем сөзді	"Қатып қал"	"Мұқият бол"	"Ақ шамшық"		

ан іс-әрекетке дайындық	мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға	ойыны. Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. (дене шынықтыру)	ойыны. Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.		
---------------------------------------	--	---	--	--	--	--

	Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)		көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан шығып қалады. (сөйлеуді дамыту)	(дене шынықтыру)		
Білім беру	Сөйлеуді	Дене	Қоршаған	Музыкадан		

ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	дамытудан ойын-жаттығу "Орман жидектерін тереміз" Мақсат-міндеттер: Орманда өсетін және орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Жидектер туралы сөздік қорларын белсенділендіру, нақтылау.	шынықтырудан ойын-жаттығу "Дәмді тосаптар" Мақсат-міндеттер: Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту.	ортамен танысудан ойын-жаттығу "Тосапты неден қайнатамыз?" Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама	ойын-жаттығу "Ән салған кім?" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.		
--	--	--	---	---	--	--

			түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Жидегі бар себет" Мақсат-міндеттер: Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер, себет мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен			
--	--	--	--	--	--	--

			жұмыс кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Серуен	Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы мағлұматтарын кеңейту. Балаларға күннің сәулесі, жылуы туралы айту. Көркем сөз: Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн шықты! Жер үстінде нұр	Аспанды және бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды аспанды бақылауға баулу, аспанды "бұлтсыз" немесе "бұлтты" деп ажыратуға дағдыландыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға аспанның әсемдігін көруге	Шие ағашын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: шие ағашымен таныстыру (құрылымын, гүлденуін бақылау); өсімдіктерге деген қызығушылықты арттыру. Бақылау барысы: Бақ ішінде шиелер, Бар жемісі бағалы Көрген адам	Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау (ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау) (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.		

	шықты! "Күн - түн" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қимылдауға дағдыландыру; тәулік ерешекліктері жайындағы түсініктері пысықтау; ұйымшылдықпен ойнай білуге баулу. Балалар көңілді шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші: "Күн" - десе балалар қозғалып жүреді, қимылдайды. "Түн" - десе балалар қимылсыз, ұйқыға	үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін айту керек. Бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілрек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Табиғаттың әсемдігін	таңданар, Көздің жауын алады - Балалар, бұл шие ағашы. Еңбек әрекеті: кұрғақ бұтақтар мен құс шие гүлдерін жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге тәрбиелеу. "Қоңызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны. Мақсаты: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті	Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты "топырақ" деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі		
--	---	---	--	---	--	--

	кеткендей қатып қалады. Осы сәтте бір бала ойын шартын бұзса, ойыннан шығарылады. Дұрыс ойнаған балалармен ойын жалғасын табады. "Қасқыр мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын желісі, шарты бойынша баулу, белгі бойынша бір аймаққа жиналып және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке тәрбиелеу.	тамашалауға тәрбиелеу. Такпак. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа,	бағдарлауға машықтандыру. Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинадталған). Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. "Қапты көлденең нысанға лақтыру"	қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. Еңбек әрекеті: майда қиыршық тастарды жинау. Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай,		
--	--	--	---	--	--	--

	Педагог балалармен бірге "қасқырды" таңдайды. Қалған балалар "қояндар" болады. Педагог белгісінен кейін "қояндар" әртүрлі бағыттарда жүгіріп, қасқырдан қашады. "Қасқыр" ұстап алған "қояндар" саны 5-6-ға жеткенде, "қасқыр" ауысады. Құралдары: "қояндарға" медальондар, "қасқырға" маска. Еңбек әрекеті: ауладағы қураған жапырақтарды жинақтау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды	жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім	жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілікке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойындары. Еңбек әрекеті: ауладағы қураған жапырақтарды жинақтау. Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. Балалардың еркін әрекеті.	тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай	
--	---	---	--	---	--

	тазалыққа, бірлікке баулу. Балалардың еркін әрекеті.	керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. "Көбелекті ұстап алу" қимыл- қозғалыс ойыны.		жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның		
--	---	--	--	--	--	--

		(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша орнында секіру қимылдарына дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, жигер-күшін, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. ойын барысында педагог балаларды бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге жаттықтырады. Педагог нұсқауларында секіріп, орнына қайта түсуде тепе-теңдікті сақтап,		соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. "Түсін тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету,	
--	--	--	--	---	--

		кұлап қалмауды ескеру керек. "Не жөнінде айтылады" дидактикалық ойыны. Сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білу (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). Балалардың еркін ойыны. Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. Еңбек әрекеті: ағаштан түскен қураған ұсақ бұтақтарды жинақтау. Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа,		ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. Балалардың еркін әрекеті.		
--	--	---	--	---	--	--

		бірлікке баулу. Балалардың еркін әрекеті.				
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.					
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар рақмет айтып тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.					
Бірге-бірге тұрғызу, сауықтыру шаралары	Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық! (дене шынықтыру)					
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды	"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.	"Қапшықта не бар?" дидактикалық	"Қуыршақты серуенге даярлайық"	Дамытушы ойын. "Не істегенімізді		

ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып	ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Құрал-жабдықтар: ойыншықтар. Тәрбиеші балалардың кез-келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту және толықтыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш" . Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сенсорика) "Айырмашылық	айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз". Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту. Жүргізуші. 1- нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3-нұсқа. Ортада тұрған бала бір қимыл көрсетеді.		
---	---	--	--	--	--	--

	тастайды.Балалар ға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсындар деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. (қоршаған ортамен таныстыру) Үстел үсті театры "Бауырсақ" ертегісі. Мақсат-міндеттер: балаларды ертегіні мұқият тыңдауға және көруге, кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін көруге, ертегілерге деген сүйіспеншілікті арттыру. (көркем әдебиет)	затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. (қоршаған ортамен таныстыру) "Бауырсақ" ертегісі. Мақсат-міндеттер: ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп,сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл	ты тап" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің	Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. (қоршаған ортамен таныстыру) "Жидек тереміз" рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері. Ойын аула		
--	---	--	--	--	--	--

		байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету. Ойын барысы: Автор: Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады. Шал (1-бала): Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші. Кемпір(2-бала): Неден пісірейін? Ұн жоқ қой. Шал: Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсең. Бір бауырсақ пісіретін үн табылар.	несімен ұқсамайтынын айту. (қоршаған ортамен таныстыру)	жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп арасына шашыратып қоюға болады. (қоршаған ортамен таныстыру)		
--	--	---	--	--	--	--

		Автор: Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады. Қоян (3-бала): Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ (4-бала): Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып				
--	--	---	--	--	--	--

		беремін, тыңдап көрші. Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген, Майға пісірген, Терезе алдына суытқан, Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім, Әжеден кеттім, Қоян сенен де кетемін! Автор: Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішінен домалап келе жатқанда, алдынан қасқыр шығады. Қасқыр (5-бала): Бауырсақ!				
--	--	---	--	--	--	--

		Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Бауырсақтың әні. Автор: Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады. Аю(6-бала): Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші. Бауырсақтың әні. Автор: Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса,				
--	--	---	--	--	--	--

		алдынан түлкі шыға келеді. Түлкі (7-бала): Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісін! Автор: Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тыңдаған болып, білдірмей бауырсаққа жақындап отырады. Бауырсақ: Әже қойма қырғаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген, Майға пісірген, Терезе алдына суытқан, Бауырсақпын домалақ! Атадан кеттім,				
--	--	--	--	--	--	--

		Әжеден кеттім, Қоян сенен де кетемін! Түлкі: Әдемі өлең екен! Айналайын, бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді ғой. Кәне, менің тұмсығыма отырып, өлеңді тағы бір айтып берші. Автор: Бауырсақ мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына шығып, өлеңін айта бастағанда, түлкі бауырсақты «ап!» деп жеп қояды. (көркем әдебиет)				
Балалармен жеке жұмыс	"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс). Мақсат-міндеттер:	Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер:	"Жұмбақтар шешу" кешін ұйымдастыру. Мақсат-міндеттер:	"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.		

	балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға дағдыландыру. (математика негіздері)	тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Қарақат". Қап-қара бір тамшыдай, Теріп жедік қарақат. Таңдайымыз қаңсымай Шөл қандырдык, рақат! Т. Жүребаев. (көркем әдебиет)	логикалық ойлауды дамыту, халық ауыз шығармашылығы на деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. (көркем әдебиет)	Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. "Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау. (сөйлеуді		
--	--	---	---	--	--	--

				дамыту)		
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.					
Серуен	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.					
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Жазғы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында кеңес беру.	"Бірге жаттайық" жаднама.	"Халық шығармашылығы" жоба жасау.	"Балалардың демалыс күндерін дұрыс ұйымдастыру" кеңес беру.		